

Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 370 "Арыс қаласы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы № 250 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 маусымда № 4115 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңның 37 бабының 8-тармағына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 370 "Арыс қаласы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3949 тіркелген, 2017 жылғы 10 қаңтарда "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Арыс қаласы "Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Арыс қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Арыс қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Дәрібайға жүктелсін.

Қала әкімі

М.Қадырбек